е) мекеме мүлкіне адал қарауға;

ж) мекеме қызметкерлерінің ішкі еңбек тәртіп ережелері мен Жарғыда қойылған талаптарын орындауға міндетті.

Оқушылардың өзге міндеттері «Оқушылар ережесімен», «Мекеменің жұмыс тәртібі» және мекеме директорының бұйрықтарымен анықталады.

10.3. **Оқушыларды, тәрбиеленушілерді шығару тәртібі мен негіздері.**

Осы Жарғыны және мектептің ішкі тәртібін орындамау оқушыны оқудан шығаруға әкеледі.

Он алты жасқа дейінгі білім алушыларды мемлекеттік мекемеден шығаруға құқыққа қарсы әрекеттер жасағаны, білім беру ұйымдарының жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін білім беру ұйымы мемлекеттік басқару органының шешімі бойынша ерекше жағдайларда рұқсат етіледі.

Жетім балаларды және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды шығару туралы шешім қорғаншы және қамқоршы ұйымдардың келісімімен қабылданады.

10.4. . **Оқушылардың міндеттері:**

1)Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін білуге, Қазақстан Республикасы халқының салт-дәстүрін құрметтеуге;

2) Білім беру ұйымдарына тыйым салынған заттарды алып келмеуге;

Білім беру ұйымдарына алып кіруге және қолдануға тыйым салынған заттар тізбесі.

Қарулар

- барлық атыс қаруы (пистолет, револьвер, винтовка, шолақ мылтық және т.б.);
- атыс қаруының көшірмесі немесе соған ұқсайтын қару;
- атыс қаруының құрастырушы бөлігі (оптикалық құрылғылар/ көздеуіштерден басқа);
-газды қару;
- пневматикалық тапанша, винтовкалар және шарлы қару;
- сигналды тапанша, ойыншық тапаншалардың барлық түрі;
- шеге қағу мен болттарды ұстататын өндірістік құрылғылар;
- арбалеттер, катапульталар, сүңгілер және найзалы құралдар;
- жануарларды жансыздандыруға арналған құралдар;
- мүйізді малдарды басқаруға арналған естен тандыратын немесе ұрып-соғатын құралдар;
- атыс қаруы түрінде жасалынған тұтатқыштар;
-травматикалық және жарық-дыбыстық патрондарымен ұңғысыз қару;
- электрошокты құрылғылар.

1. Қадалғыш/ кескіш қарулар мен өткір заттар

-балталар, сүңгілер мен найзалардың түрлері, мұз шапқыштар;
- жылжымалы немесе лақтыратын жүзі бар кез келген ұзындықтағы пышақтар;
- металдан немесе басқа да мықты материалдан жасалынған ықтимал қару ретінде ұсталынатын кез келген ұзындықтағы пышақтар;
- ас үй пышақтары;
- аң аулайтын (аңшылық) пышақтар;
- ашық ұстаралар мен өткір лезвиелер (қауіпті және бір реттік қосымша лезвиесі бар ұстараларды қоса);
- қылыштар мен семсерлер, қылыштың тұтқасы;
- скальпелдер;
- металды жұлдыздар;
- қадалғыш немесе кескіш қару ретінде қолданылатын өнеркәсіптік құрал-жабдықтар, есіктерге арналған темір тескіштер мен бұрғылар, шапқылар, қызмет көрсету пышақтары, аралар, бұрағыштар, балғалар;
- бұрандылар;